

 NAZARBAYEV UNIVERSITY	«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы		
	Бекіткен орган:	Академиялық кеңес	
«Қаржы жөніндегі ғылым магистрі» және «Іскерлік әкімшілендіру магистрі» бағдарламасына оқуға түсуге қойылатын талаптар мен құжаттар тізімі			
Бекітілген күні:	15.12.2021ж.	Күшіне енгізілген күні	15.12.2021
Шешімнің/хаттаманың №:	№ 15		
ІНҚ жіктеуші:	2.1.2. Master's degree		
Бастамашы:	Р. Дұрағұл Жоғары бизнес мектебінің Деканы		
Өзара байланысты құжаттар	Назарбаев Университеті дербес білім беру ұйымының магистратура бағдарламаларына қабылдау қағидалары Өзара байланысты құжаттар жоқ		

«Қаржы жөніндегі ғылым магистрі» бағдарламасына оқуға түсуге қойылатын талаптар мен құжаттар тізімі

Оқуға түсуге қойылатын талаптар:

1. Бағдарламаға оқуға түсуге құжаттар беретін үміткерлер мыналарға ие болуы тиіс:

1) тиісті салада бакалавр дәрежесі (немесе баламасы). Өтінімдерді беру кезеңі ішінде білім алудың соңғы жылындағы студенттер ресми ағымдағы транскрипттерді ұсынуы мүмкін. Оқуға алуға ұсынылған үміткерлер Бағдарламаға оқуға алу мерзімі аяқталғанға дейін түпкілікті транскриптті және дипломды ұсына алады. Назарбаев Университетінің түлектері кейіннен бір ай ішінде диплом ұсына отырып, дәреже берілгенін растайтын транскрипттің негізінде бағдарламаға оқуға қабылданады;

2) ең төменгі CGPA 4,00-ден 2,67 немесе үміткердің ғылыми дәрежесі бойынша баламасы (бакалавр немесе жоғары оқу орнынан кейінгі дәреже, егер жоғары оқу орнынан кейінгі білім GPA негізіндегі тәсіл қолданылса);

3) ағылшын тілін меңгерудің талап етілетін деңгейі:



1) IELTS жалпы баллы 6.5 кем емес немесе TOEFL балама баллы. TOEFL балама баллын Қабылдау комиссиясы ETS сайтында көрсетілген ауыстыру кестесіне сәйкес немесе өзге де ресми дереккөз арқылы айқындайды. Оқу, тыңдау және сөйлеу бөлімі бойынша балл кем дегенде 6.0 болуы тиіс. Әдетте, жазу дағдысы да 6.0 болғаны жақсы. Тест нәтижелері өтініш берудің ең соңғы мерзіміне қолданыста болуы тиіс.

2) шартты түрде оқуға қабылдау үшін ағылшын тілін меңгерудің ең төменгі талаптары – IELTS жалпы баллы 5,5, бір компонент бойынша кемінде 5,0 немесе ETS сайтында жарияланған TOEFL балама балы.

4) ALEKS/GRE/GMAT тестімен көрсетілген күшті оқу дағдылары, аналитикалық және математикалық дағдылар;

*NU-STEM бағдарламалары бойынша CGPA 3,0 немесе 4,0 CGPA-дан көп (яғни, инженерлік, тау-кен, математика, физика, химия бағдарламалары) немесе экономика бағдарламасы бойынша немесе топ-200 рейтингтік университеттерден үміткерлер ALEKS/GRE/GMAT тесттерін тапсырмай-ақ өтініш бере алады;

Алайда, мұндай үміткерлер бағдарламаға түсу мүмкіндігін арттыру үшін ALEKS/GRE/GMAT-тен өте алады. Қабылдау комиссиясы өз қалауы бойынша үміткерден орташа балл 4,0-ден 3,0-ден асса да, сандық тест нәтижелерін талап ете алады.

5) эсседе көрсетілген бағдарламаға жоғары мотивация және үлкен қызығушылық;

6) 2 құпия ұсыныс хат;

7) түйіндеме;

8) жұмыс тәжірибесі (міндетті емес);

*Бағдарламаға оқуға түсетін үміткерлер Қабылдау комиссиясының шешімімен мына жағдайлардың бірінде:

- ағылшын тілі ресми қарым-қатынас, оқыту және күнделікті тұрмыстық тіл болып табылатын елде академиялық дәреже алғанда;
- ағылшын тілінде білім беру бағдарламалары бойынша білім алу қорытындылары бойынша бакалавр немесе магистр дәрежесін алғанда. Үміткерлер оқыту тілі шынында да ағылшын тілі болғанын растайтын ресми құжат ұсынуы тиіс;
- егер үміткер Назарбаев Университетінің түлегі болып табылса, ағылшын тілі бойынша тестілеу нәтижелерін ұсынудан босатылуы мүмкін

3. «Қаржы жөніндегі ғылым магистрі» бағдарламасына оқуға түсуге арналған құжаттар тізімі:

1) өтінімнің толтырылған нысаны;

2) жеке куәліктің немесе төлқұжаттың сканерленген көшірмесі;

3) сканерленген көшірме атаудың өзгергенін растайтын ресми құжат (егер қолданылса);

4) транскриптері бар жоғары білім туралы дипломдардың сканерленген көшірмесі (Қазақстан Республикасының азаматтары үшін транскриптері бар дипломдар/сертификаттар нотариалды куәландырылуы тиіс);



5) IELTS немесе TOEFL IBT академиялық емтихандарының нәтижелері туралы ресми электрондық есеп (үй басылымын қоспағанда), онлайн-құжаттарды тапсыру күніне жарамды тестілеу әкімшісінің сертификаттары және олардың сканерленген көшірмесі. Талапкер тестке тіркелу кезінде Назарбаев Университетін алушы ретінде көрсетуі тиіс. Егер талапкер тестті ертерек тапсырса, ол тестілеу орталығына хабарласып, Назарбаев Университетін алушы ретінде көрсете алады;

6) ағылшын тілін оқыту тілі ретінде растайтын сканерленген құжат (тек ағылшын тілінде оқытылатын бағдарлама бойынша дәреже алған және IELTS немесе TOEFL (үй басылымынан басқа) тапсырудан босатуды сұрайтын үміткерлер үшін);;

7) бағдарламаға құжаттарды онлайн тапсыру сәтінде жарамды GMAT/GRE/ALEKS сертификаттары;

8) түйіндеменің сканерленген көшірмесі;

9) эссенің сканерленген көшірмесі;

10) жұмыс тәжірибесін құжаттық растаудың сканерленген көшірмесі (ағылшын тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен) (егер қолданылса);

11) Екі ұсыным хат (ұсыным беретін тұлғалар электронды немесе қағаз нысанда ұсынады);

12) Дәреже алуға арналған корпоративтік хат-қосымша/кепіл хат/сұратудың сканерленген көшірмесі;

«Іскерлік әкімшілендіру магистрі» бағдарламасына оқуға түсуге қойылатын талаптар

1. Бағдарламаға оқуға түсуге құжаттар беретін үміткерлер мыналарға ие болуы тиіс:

1) тиісті салада бакалавр дәрежесі (немесе баламасы) және/немесе магистр дәрежесі (бар болса). Өтінімдерді беру кезеңі ішінде оқудың соңғы жылындағы студенттер ресми ағымдағы транскрипттерді ұсына алады. Оқуға түсуге ұсынылған үміткерлер Бағдарламаға оқуға қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін түпкілікті транскрипт және диплом ұсынуы тиіс. Назарбаев Университетінің түлектері кейіннен бір ай ішінде диплом ұсынып, дәреже берілгенін растайтын транскриптің негізінде бағдарламаға оқуға қабылданады;

2) ең төменгі CGPA 4,00-ден 2,75 немесе үміткердің ғылыми дәрежесі бойынша баламасы (бакалавр, магистр немесе PhD (егер магистрлерге немесе PhD-ге GPA негізіндегі тәсіл қолданылатын болса). Қабылдау комиссиясы GPA 2,5 баллы бар үміткерлерге ерекшелік беруі мүмкін. GPA 2.75-тен төмен көрсеткіші бар үміткерлер мемлекеттік білім беру грантын алуға құқылы емес;

3) ағылшын тілін меңгерудің талап етілетін деңгейі*

- IELTS жалпы баллы 6.5 кем емес немесе TOEFL балама баллы. TOEFL балама баллын Қабылдау комиссиясы ETS сайтында көрсетілген ауыстыру кестесіне сәйкес немесе өзге де ресми дереккөз арқылы айқындайды. Оқу, тыңдау және сөйлеу бөлімі бойынша балл кем дегенде



6.0 болуы тиіс емес. Әдетте, жазу дағдысы да 6.0 болғаны жақсы. Тест нәтижелері өтініш берудің ең соңғы мерзіміне қолданыста болуы тиіс.

4) ALEKS тесті негізінде жоғары оқу, аналитикалық және математикалық дағдылар. GRE немесе GMAT қолданыстығы сертификаттарын ұсынатын үміткерлер математикалық дағдылардан өтуге арналған тестіден босатуды сұрауы мүмкін;

5) 2 эссе (эссе сұрақтары өтініш формасында қол жетімді);

6) 2 ұсыныс хаттары;

7) Түйіндеме;

8) Жұмыс тәжірибесі (міндетті емес);

* Бағдарламаға оқуға түсетін үміткерлер Қабылдау комиссиясының шешімімен ағылшын тілдің тестін тапсырудан мына жағдайлардың бірінде босатылуы мүмкін:

- ағылшын тілі ресми қарым-қатынас, оқыту және күнделікті тұрмыстық тіл болып табылатын елде академиялық дәреже алғанда;
- ағылшын тілінде білім беру бағдарламалары бойынша білім алу қорытындылары бойынша бакалавр немесе магистр дәрежесін алғанда. Үміткерлер оқыту тілі шынында да ағылшын тілі болғанын растайтын ресми құжат ұсынуы тиіс;
- егер үміткер Назарбаев Университетінің түлегі болып табылса, ағылшын тілі бойынша тестілеу нәтижелерін ұсынадан босатылуы мүмкін.

3. «Іскерлік әкімшілендіру магистрі» бағдарламасына оқуға түсуге арналған құжаттар тізімі: Өтінімнің толтырылған нысаны;

1) Жеке куәлігінің немесе паспорттың сканерленген көшірмесі;

2) Атының өзгергендігін растайтын ресми құжаттың сканерленген көшірме (қолданылса);

3) Дәреже және транскрипт берілген дипломдардың сканерленген көшірмесі (Қазақстан Республикасының азаматтары үшін дипломдар/сертификаттар нотариалды куәландырылған болуы керек);

4) Academic IELTS немесе TOEFL IBT (үйдегі басылымнан басқа) сертификаттары ресми электронды есеп беру құжаттарын онлайн тапсыру күніне жарамды тест әкімшісінің сертификаттары және оның сканерленген көшірмесі. Тестілеуге тіркелу кезінде талапкер Назарбаев Университетін алушы ретінде көрсетуі керек. Егер талапкер тестілеуді ертерек тапсырған жағдайда, тестілеу орталығына хабарласып, алушы ретінде Назарбаев Университетін көрсете алады;

5) Ағылшын тілі оқыту тіл болғанын растайтын құжат (ағылшын тілінде оқытылған бағдарлама бойынша білім беру негізінде дәреже алған үміткерлер үшін ғана және IELTS немесе TOEFL сертификаттарын ұсыну қажеттілігінен босатуға сұрау салынғанда);

6) Бағдарламаға құжаттарды онлайн беру сәтіндегі қолданыстағы ALEKS/GMAT немесе GRE сертификаттары;

7) Түйіндеменің сканерленген көшірмесі (A4 форматындағы 1 бет);



- 8) Екі эссе (эссе жазуға арналған сұрақтар өтініш нысанында көрсетілген) әр қайсысы 500 сөзден;
- 9) Жұмыс тәжірибесін құжаттық растаудың сканерленген көшірмесі (нотариалды расталған ағылшын тіліндегі аудармасымен) (егер осындай жарамды болса);
- 10) Дәреже алуға арналған корпоративтік хат-қосымша/кепіл хат/сұратудың сканерленген көшірмесі;
- 11) Екі ұсыным хат (ұсыным беретін тұлғалар электронды немесе қағаз нысанда ұсынады);
- 12) Үміткердің/студенттің жеке деректерін өңдеуге келісімі.

